

2009 жылы Егіндікөл ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 9 ақпандағы № а-2/41 қаулысы. Ақмола облысы Егіндікөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 13 ақпанда 1-8-77 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 22 ақпандағы № а-2/46 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2010.02.22 № а-2/46 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңын жүзеге асыру шаралары туралы» қаулысына сәйкес, жұмыс іздеуде қиыншылыққа кездескен жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау, оларды уақытша жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында Егіндікөл ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2009 жылы Егіндікөл ауданының ауылдары мен ауылдық округтердегі жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.

2. Қоса беріліп отырған Егіндікөл ауданының ауылдары мен ауылдық округтерінің тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты шарттары, қатысушылардың еңбек ақы мөлшері және оларды қаржыландыру көздері

б е к і т і л с і н .

3. «Егіндікөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

1) жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға олардың келісімі бойынша, тіркеуге тұрған күніне сәйкес кезектілік тәртібімен жіберуді жүзеге асырсын;

2) бірінші кезекте нысаналы топқа жататын жұмыссыздарды жіберсін;

3) жұмыс берушілермен қоғамдық жұмыстардың атқарылуына типтік

ш а р т т а р

ж а с а с ы н .

4. «Егіндікөл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2009 жылға арналған аудан бюджетінде осы мақсаттарға қарастырылған қаражаттар шектеуінде қоғамдық жұмыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға мүдделі ауыл және ауылдық округ

әкімдері 2009 жылға арналған өтінімдерді «Егіндікөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне т а п с ы р с ы н .

6. Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы № а-1/9 «Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің аймақтық Тізілімінде № 1-8-64 тіркелген, 2008 жылғы 29 ақпанда аудандық «Шұғыла-Целинная нива» газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. С. Ысқақоваға жүктелсін.

8. Аудан әкімдігінің осы қаулысы Егіндікөл ауданының әділет басқармасында тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

9. Осы қаулының әрекеті 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі *Б. Сұлтанов*
КЕЛІСІЛДІ

«Егіндікөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы А. Қазбеков
КЕЛІСІЛДІ

«Егіндікөл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Т. Двороковская

Егіндікөл ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 9 ақпандағы
№ а - 2 / 4 1 қаулысымен
бекітілді

Егіндікөл ауданының ауылдары мен ауылдық округтерінің тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты шарттары, қатысушылардың еңбек ақы мөлшері және оларды қаржыландыру көздері

Ауыл немесе ауылдық округтің атауы	Жұмыстың түрлері	Адам-дар саны	Орын-далған жұмыс көлемі	Еңбек шарттары	Жергілікті бюджеттен еңбек ақы мөлшері
Абай ауылы	Ауылды көгалдандыру және көркейту	2	2700 м2		80820

	Аулаларды аралау және халықтың, малдың санағын алу	1	480 сағ	Толық емес жұмыс күні, ыңғайлы кесте	40410
Алакөл ауылдық округі	Ауылды көгалдандыру және көркейту	4	5400 м2		161640
	Ұйымдарға аумақты жинауға көмектесу	3	4500 м2		121230
Спиридоновка ауылы	Ауылды көгалдандыру және көркейту	2	2700 м2		80820
	Аулаларды аралау және халықтың, малдың санағын алу	1	480 сағ		40410
	Әлеуметтік-мәдени тұрмыстық нысандарды жөндеу жұмыстары	1	900 м2		40410
Бауман ауылдық округі	Ұйымдарға аумақты жинауға көмек көрсету	2	3000м2		80820
	Ауылды көгалдандыру және көркейту	4	5400 м2		161640
Буревестник ауылы	Ауылды көгалдандыру және көркейту	4	5400 м2		161640
Егіндікөл ауылы	Ауылды көгалдандыру және көркейту	14	21000 м2		565740
	Аулаларды аралау және халықтың, малдың санағын алу	4	2400 сағат	161640	
	Су құбыры коммуникацияларын жөндеу	2	960 сағ	80820	
	Әлеуметтік-мәдени тұрмыстық нысандарды жөндеу жұмыстары	6	40000 м2	242460	
	Жануарларды ветеринарлық өңдеу жұмыстарына көмек көрсету	2	960 сағат	80820	
	Ұйымдарға аумақты жинауға көмек көрсету	6	9000 м2	242460	
Жалманқұлақ ауылдық округі	Ауылды көгалдандыру және көркейту	2	2700 м2	80820	
Қоржынкөл ауылы	Ауылды көгалдандыру және көркейту	3	2700 м2	121230	
	Аулаларды аралау және халықтың, малдың санағын алу	1	480 сағат	40410	
Ұзынкөл ауылдық округі	Ауылды көгалдандыру және көркейту	3	4050 м2	121230	
	Әлеуметтік-мәдени тұрмыстық нысандарын жөндеу жұмыстары	3	1800 м2	121230	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК